

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
комплаенс-офицері
Н.А.Семейскаяның
2025 жыл бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі

Алматы қ.
19.01.2026 ж.

2025 жылғы №4 Үлгілік базалық бағытты (бұдан әрі – ҮББ №4) «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» орындау жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына және 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК Бақылау кеңесіне 2025 жыл ішінде атқарылған жұмыстар туралы төмендегі есеп ұсынылады.

**1-жоба.Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
1-міндет. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізуге дайындық**

1 міндеттеме шеңберінде №17 ҚЕ директорының 2025 жылғы 9 маусымдағы №18 бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» шешім қабылданды. Аталған талдау 2025 жылғы 24 маусым мен 24 шілде аралығында келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3 міндеттеме шеңберінде «№17 ҚЕ интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру жарияланып, жоспарланып отырған іс-шара бойынша 2025 жылғы 20 маусымға дейін ұсыныстар мен ескертулер қабылданатыны туралы ақпарат орналастырылды. Ұсыныстар мен пікірлер келесі байланыс арналары арқылы қабылданды: электрондық пошта: mail@gp17.kz; мекенжайы: 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Басенов көшесі, 2; телефон: 8 (701) 3232-806.

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі және кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында ақпарат көздерін жинау және уәкілетті тұлғаға ұсыну үшін жауапты тұлғалар айқындалды.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Мелдебекова Ж.А. – экономикалық мәселелер және әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі директордың орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері:

Таскинбаева Б.К. – бас бухгалтер;

Филимонова Н.В. – заңгер;

Абдибаева А.Е. – кадрлар бөлімінің аға инспекторы;

Семейская Н.А. – комплаенс-офицер, жұмыс тобының хатшысы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2025 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 24 маусымға дейінгі аралықты қамтиды.

Ішкі талдауды жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 24 маусымнан 24 шілдеге дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында келесі нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі;
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы;
5. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;
6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»;
7. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»;
8. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысы;
10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» №908 бұйрығы;
11. №4 Үлгілік базалық бағыт жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулық «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл», Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Антикоррупциялық қызмет) бекітілген, Астана қаласы, 2025 жыл;
12. Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

СЖТІТ 1-БАҒЫТЫ

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Атап айтқанда, Кәсіпорындағы еңбек қатынастары саласында кадрлар бөлімінде, сондай-ақ еңбекақы төлеу саласында бухгалтерия қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі, сондай-ақ дискрециялық нормалардың болуы тұрғысынан Кәсіпорынның келесі негізгі нормативтік құқықтық актілері зерделеніп, талданды.

Еңбекақы төлеу саласында:

- «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК қызметкерлерінің еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ереже, 2023 жылғы 5 қаңтардағы бұйрықпен бекітілген;

- «Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 қалалық емхана» КМК қызметкерлерін дифференциалды үстемеақы және сыйақы беру арқылы көтермелеу жөніндегі комиссия туралы» ереже, 2023 жылғы 5 қаңтардағы бұйрықпен бекітілген;

- «Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК қызметкерлерін ЖЫШЫҚ, дифференциалды үстемеақы және сыйақы түрінде көтермелеу жүйесі туралы» ереже, 2023 жылғы 5 қаңтардағы бұйрықпен бекітілген.

Кәсіпорындағы еңбек қатынастары саласында:

- «Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 қалалық емхана» КМК келісім комиссиясы туралы» ереже, 2023 жылғы 5 қаңтардағы бұйрықпен бекітілген;

- «Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 қалалық емхана» КМК кадрлар жөніндегі кеңес туралы» ереже, 2021 жылғы 28 желтоқсандағы бұйрықпен бекітілген;

- «Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 қалалық емхана» КМК қызметкерлерінің этикалық нормаларын, кәсіби мінез-құлық қағидаларын және өзара қарым-қатынастарын сақтау жөніндегі этика комиссиясы туралы» ереже, 2023 жылғы 5 қаңтардағы бұйрықпен бекітілген.

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның нормативтік құқықтық актілеріне қатысты төмендегілер анықталды:

- жергілікті нормативтік актілердің 100% Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзекті сілтемелер көрсетілген;

- Кәсіпорынның барлық нормативтік құқықтық актілерінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін теріс пайдалануға жағдай жасайтын нормалар жоқ;

- талданған нормативтік құқықтық актілерде лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша әрекет етуіне мүмкіндік беретін дискрециялық нормалар анықталған жоқ;

- аталған нормативтік құқықтық актілер Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында mail@gp17.kz орналастырылған;

- Кәсіпорынның барлық қызметкерлері осы нормативтік құқықтық актілермен таныстырылған.

Қорытынды: Кәсіпорынның нормативтік құқықтық актілеріне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын факторлар анықталған жоқ.

Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерге жүргізілген талдау барысында Кәсіпорында, квазимемлекеттік сектор субъектісі ретінде, қызметтік міндеттеріне денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кіретін қызметкерлер үшін мүдделі тұлғалардан сыйлықтарды алу тәртібін реттейтін процессуалдық мәселелерді айқындайтын нормативтік құқықтық актінің жоқ екендігі анықталды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғаларға қызметтік міндеттері мемлекеттік қызметтер көрсетумен байланысты, не жеке тұлғалардың дербес деректеріне және (немесе) қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар жатады.

Аталған факт сыбайлас жемқорлық тәуекелі тұрғысынан келесі бағыт бойынша қарастырылды: **Бағыт: құқықтық актілер және ішкі құжаттар; Ішкі бағыт: құқықтық олқылық – белгілі бір мәселенің құқықтық актіде немесе ішкі құжатта құқықтық реттелуінің болмауы, атап айтқанда: - «талаптардың сақталмауына жауапкершілікті белгілейтін нормалардың болмауы, бұл олардың декларативтік сипатта болуына және іс жүзінде қолданылуының мүмкін еместігіне әкеледі».**

Аталған тәуекелдің ықпалы:

- Бағалау балы: 3;

- Әсер ету деңгейі: ірі;

Салдардың жалпы сипаттамасы: тәуекел іске асқан жағдайда оның салдары елеулі болуы мүмкін, алайда оларды толық көлемде түзетуге мүмкіндік бар.

Комплаенс / талаптарды сақтау тұрғысынан: талаптардың бірнеше рет бұзылуы айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және өзге де қаржылық санкциялардың туындауына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар талдау объектісінің қызметкерлерінен айыппұлдар өндіріп алу тәуекелі бар.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелін толық жою бойынша ұсынылатын шаралар: комплаенс-офицерге «Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ №17 Қалалық емхана» КМК сыйлықтар туралы ережесін» әзірлеу, бекіту және Кәсіпорын қызметкерлерін таныстыру ұсынылады. Аталған ереже сыйлық ұғымын, сыйлықтарды алуға байланысты жауапкершілікті және сыйлықтармен жұмыс істеу тәртібін реттеуге тиіс.

СЖТІТ 1-БАҒЫТЫ

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау,

атап айтқанда кадрлар бөлімінің қызметі бойынша.

Ішкі бағыт: Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысы – бұл адамның жеке мүдделілігі оның лауазымдық (қызметтік) міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдай. Мұндай жағдай азаматтардың, ұйымдардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге әкелуі мүмкін.

Кәсіпорын квазимемлекеттік секторға, яғни мемлекеттің қатысуымен құрылған құрылымға жатады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында Кәсіпорында жұбайлар еңбек ететіні анықталды: Закен Медет Токтарұлы – КДУ бөлімінің басшысы; Еркін Назым Лухманқызы – Педиатрия бөлімшесінің аға медбикесінің міндетін атқарушы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалар жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысында болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ өзінің тікелей бағынысында жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) және (немесе) жекжаттарын ұстауына жол берілмейді.

Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғаларға мыналар жатады:

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға;
- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын, сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешім қабылдауға уәкілетті тұлға.

Өз кезегінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының 1), 2-1) және 14) тармақшаларына сәйкес:

Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға – аталған ұйымдарда тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға.

Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік бағыныстағы тұлғалар орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағынысты қызметкерлерге қатысты көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдануға берілген құқық.

Әкімшілік-шаруашылық функциялар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұйымның теңгеріміндегі мүлікті басқару және оған билік ету құқығы. Жоғарыда көрсетілген Заң нормаларын ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалар ретінде, әдетте, кәсіпорын директоры, бас бухгалтер, сондай-ақ

белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған функциялар жүктелген өзге де тұлғалар танылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 14-бабы 1-тармағында көзделген шектеу бір кәсіпорында жұбайлардың, жақын туыстардың немесе жекжаттардың жұмыс істеуіне толық тыйым салынатынын білдірмейді.

Аталған норманың мәніне сәйкес, Кәсіпорын директоры немесе бас бухгалтер өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ өзінің тікелей бағынысында жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) және (немесе) жекжаттарын ұстауына жол берілмейді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жоқ, себебі көрсетілген туыстық қатынастағы қызметкерлер әртүрлі бөлімшелерде жұмыс істейді, олардың арасында тікелей бағыныстылық қатынастары жоқ, сондай-ақ олар басқарушылық функцияларды жүзеге асырмайды.

Осылайша, Кәсіпорында мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорында жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы еңбек қатынастарын жүзеге асыру шеңберінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім келесі лауазымдар айқындалды: директор; құрылымдық бөлімшелердің басшылары; бас бухгалтер; директордың орынбасарлары; кадрлар бөлімінің маманы; бөлімше меңгерушілері; дәрігерлер; мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман; комплаенс-офицер.

(Аналитикалық анықтамаға 1-қосымша).

Ішкі бағыт: Персоналды басқару

Персоналды басқару саласында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке кадрлық істерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттеме мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің жоқ екендігі анықталды.

Аталған фактілер келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тұрғысынан қарастырылды:

Құқықтық актілер және ішкі құжаттар.

Ішкі бағыттар: Құқықтық олқылық – белгілі бір мәселенің құқықтық актіде немесе ішкі құжатта құқықтық реттелуінің болмауы, атап айтқанда: «талаптардың сақталмауына жасаукершілікті белгілейтін нормалардың болмауы, бұл олардың декларативтік сипатта болуына және іс жүзінде қолданылуының мүмкін еместігіне әкеледі»;

Қосымша бағыт: процессуалдық тәртіптің болмауы, яғни азаматтың немесе ұйымның әкімшілік рәсімді жүргізу барысына ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін рәсімнің болмауы.

Аталған тәуекелдің ықпалы:

Бағалау балы - 2;

Әсер ету деңгейі - елеулі;

Салдардың жалпы сипаттамасы: тәуекел іске асқан жағдайда туындайтын салдарлар елеулі емес.

Комплаенс / талаптарды сақтау тұрғысынан: реттеушілік талаптардың шамалы бұзылуы орын алуы мүмкін. Сонымен қатар Кәсіпорын қызметкерлеріне айыппұл салынуы мүмкін екендігі туралы ескерту, сондай-ақ айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары қолданылуы ықтималдығы және талдау объектісіне қатысты басқа да қаржылық бұзушылықтардың анықталуы мүмкіндігі бар.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толық жою жөніндегі шаралар: комплаенс-офицерге Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерін әзірлеу; кадрлар бөліміне Кәсіпорынның барлық қызметкерлерін аталған құжаттармен таныстырып, қол

қалыптасуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды қызметкерлердің жеке кадрлық істерінде сақтауды ұйымдастыру ұсынылады.

№3 жоба. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
4 міндеттеме: Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің
қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша комплаенс-офицердің
тоқсан сайын түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізуі.

I бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс
Тоқсан сайынғы ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді
Барлығы 4 оқыту семинары өткізілді:

20.02.2025 ж. тақырыбы: №17 ҚЕ қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әзірленген нормативтік құқықтық актінің негізгі ережелерімен таныстыру – №17 ҚЕ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық заңнамасын бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі»;

23.05.2025 ж. тақырыбы: «2025 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №283 бұйрығына енгізілген өзгерістерді түсіндіру туралы» («Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуының нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы»);

08.09.2025 ж. тақырыбы: «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери-дәрігерлік сараптама мүшелері болып табылатын медицина қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі мен жауапкершілігі»;

02.10.2025 ж. тақырыбы: «2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістер туралы: 232-1-бап – банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қол жеткізуді заңсыз беру, табыстау және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру».

Комплаенс-офицер



Н.А. Семейская